

**ЭТНОДЕФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖАРЫҚШАҚТЫ (СЫЗАТТЫ) ТАЛДАҒАН ҒАЛЫМ
ЖҰМАБАЙ ӘБІЛ 70 ЖАСТА**

Ғылым – адамзаттың тәжірибесі мен ақыл-ойына негізделген таным құралы. Ғылымның басты мақсаты – жаңа білім алу, оны түсіндіру және қоғамның дамуына қызмет ету. Ал, нағыз ғалым дәлелге, тәжірибеге, логикаға және шынайы деректерге сүйеніп жұмыс істейді. Олар ғылыми жаңалықтар арқылы қоғамның білім деңгейін арттырып, жаңа технологиялар мен идеялардың пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ғалымдар шәкірт тәрбиелеу, ғылыми еңбектер жазу арқылы өзінен кейінгі буынға үлгі болады. Ғалым болу – үздіксіз ізденісті, табандылықты және терең білімді қажет ететін маңызды әрі жауапты іс. Аталып отырған критерийлердің қай-қайсына да лайықты болған ғалымдардың бірегейі Жұмабай Әбіл. Ол 1954 жылы 7 желтоқсан күні Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бірлік ауылында дүниеге келген. 1981 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Университеттегі М. Сералин атындағы әдеби бірлестіктің ұйымдастырушысы болған Ж. Әбілов жас акындардың үздік өлеңдерінен тұратын «Темірқанат» жинағын шығаруға ат салысты.

Университет бітіргеннен кейін еңбек жолын Жаңақорған аудандық мәдениет бөлімінде бастап, 1983–1992 жылдар аралығында «Жаңақорған тынысы» газетінде жауапты хатшы болды. 1992–1994 жылдары Жаңақорған ауданындағы «Қазақ тілі» қоғамын басқарды. 1995 жылы Түркістан қаласына профессор М. Мырзахметұлының шақыруымен Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Журналистика» кафедрасына оқытушы болып қабылданды, осылайша жаңа кафедраның іргетасын қаласты. Кейін «Қазақ әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Профессор Ж. Әбіл қазақ драматургиясын зерттеген бірегей ғалым. Ол 1993–95 жылдары осы тақырыпта кандидаттық, 1998–2000 жылдары докторлық диссертация жазды. Әлемдік әдебиеттану ғылымының тәжірибесіне сүйеніп, ең көп зерттелген комедияға өз пікірін білдіре отырып, соның ішінде ұлттық комедияның түбірі халық ауыз әдебиетінде екені туралы еңбектерді жүйелі зерттеп, ірі ойлар айтқан ғалым ретінде Ж. Әбіл еңбектерін

ерекше айтуға болады. Халық ауыз әдебиетіндегі күлкі тудырудың формалары әр халықтың әрқайсысында әр түрлі қаралады. Олар барлық халыққа ортақ терминдік атауға жинақталған емес. Бұл әдебиеттану ғылымының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі екенін ғалым атап өтеді. Ж. Әбілдің монографиясындағы «Диалог комедия» термині қазақ комедиясындағы ерекше сипаттағы қазақ әдебиетіне жаңалық болып енген термин болды.

Алғашқы кезде зиялы қауымның қабылдауы және түсінуі қиын болған тың терминдер туралы ғалымның «Бұл термин болашақтың термині, кезеңі келгенде халық іздеп жүріп тауып алады» деген сөзі рас келді. Бүгінде Ж. Әбілдің сол кезде енгізген бірнеше термині заманауи ғылымның өзекті мәселесіне айналып отыр. «Комедияның пайда болу тарихын тым көне замандарға жылжытқан сайын қазақ комедиясының зерттелу тарихы да жұтандана береді. Оның үстіне осы жұтандану процесі Еуропа елдеріндегі комедия жанрының зерттелуінен білінеді. Бұның себебі төмендегіше: Жер жүзі халықтарының барлығында да жазба әдебиеттегі комедия жанрын ғана зерттеу үрдіс болған. Ауыз әдебиетіндегі комедия түрлерін тексеру назарға ілінбеген. Бұл принципті қазақ әдебиеттанушылары да мықтап ұстады. Сондықтан да комедияны танып білу мәселесі Қазан төңкерісінен бергі уақытта ғана басталды. Ал, көркем комедияны зерттеу біздің эрамызға дейінгі алыс кезеңдерде-ақ қолға алынғаны мәлім. Кеңес дәуіріндегі қазақ комедиясын зерттеушілер туындылардың жалпы қазақ күлкісімен (диалог комедиямен) дәстүрлі байланысын таптық тұрғыдан ғана тексерді. Осының кесірінен тек әлеуметтік сипаты бар күлдіргі әңгімелерге ғана назар салынып, халық прозасының жеңіл әзіл-қалжыңға құрылған анекдот іспеттес түрлеріне көңіл бөлінбеді. Екіншіден, комедияның Қазан төңкерісіне дейінгі іс-әрекет пародиясы тәсілімен дамыған үлгілерін көркем комедиямен қатысы бар деп есептемегендіктен, оның тым көне дәуір элементтерімен салыстыра зерттеу қолға алынбады» [1, 3–4-бб.]. Бұл еңбекті жазу барысында Ж. Әбіл негізгі он ерекшелікті атап өткен болатын. Сол он қадамның қорытындысы фольклорлық театр тарихын зерттеудегі игі қадамдардың бірі болды. Ғалым фольклорлық театр мен фольклорлық жанрларды жікке бөлуді сөз еткенде, ең алдымен осыған қажетті терминдердің жұтандығы туралы ескертеді. Қазақ комедиясының жазылуындағы бірден-бір себеп те жаңа терминдерді енгізуінде еді. Диалог комедия, бет-қмиыл комедия, қалжың комедия, әзіл комедия, қағытпа комедия, диалогтардың жарыспалылығы, екпін жүйесі, монокомедия сынды терминдер Ж. Әбіл еңбегінің өзектілігін таныта түсті. Ғалымның «Қазақ комедиясы» (2000), «Жазба комедиясының даму ерекшелігі» (2001), «Қалтай Мұхамеджанов драматургиясы» (2004) атты монографиялары қазақ ғылымындағы жаңашылдық болды. Сондай-ақ әдебиеттану ғылымына «Этнодеформация» концепциясын енгізіп, ғылыми айналымға қосты. «Этнодеформация» термині диалог комедиядағы жаңалаушы екпін және көзқамандану процесін нақтылап беретін концепция болып қалыптасты. Этнодеформацияның кіші және үлкен шеңбері ұлттық сананың жаттану процестерін нақпа-нақ зерттеп, оның бұзылу немесе қайтадан қалпына келу процестерін түсіндіретін анықтама болды. Сонымен қатар этнодеформациялық мобилизация – жаппай этностың тұтастығын бұзуға жұмылдырылған әрекеттің көзі деп түсіндірген ғалымның анықтамасы нағыз заманауи бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселе екенін жоққа шығара алмаймыз. Ғалымның сөзінде: «Этнодеформациялық жарықшақтану кезінде диалог комедиядағы серпінді екпін мен жаңалаушы екпіннің бәсекелестігі күшейеді. Ол дәстүрлі танымдардың этнодеформациялық тепе-теңдікке, болмаса этнодеформациялық басымдыққа ұмтылуы» - дейді [2, 26-б.]. Жалпы ғалымның айтқанынан байқағанымыз, диалог комедия термині мен этнодеформациялық құбылыс бір-бірінен алшақ емес, жақын зерттеулер. Ұлттық құндылықтарды қозғау барысында әсер ететін факторлар. Тек бірі ұлт санасын сақтаудағы әрекет болса, екіншісі, сызат болған зардаптың, жарықшақтардың кейде этнодеформациялық коллизияның созылмалы түрлеріне ұласуының себептерін түсіндіреді. Этнодеформацияның әлеуметтік, қоғамдық саяси және гениологиялық тұрғыдан жайылу

ауқымы да этнодеформациялық жарықшақтың асқынған түрін анықтайды. Ұлттық сананы сақтап қалу үшін жазылған ғалымның ойлары теориялық тұрғыда ғана емес, практика жүзінде іске асуы керек. Сондықтан ғалымның еңбектері болашақта зерттелуі тиіс маңызды теориялар деуге келеді.

Профессор Ж. Әбіл Халықаралық қазақ-түрік университетінде жастардың шығармашылығына да көп көңіл бөліп, студенттерді әдебиетке баулыған Ұстаз. Бұдан бөлек «Біз екеуіміз», «Қалқатайдың дауысы» сынды жобалардың ұйымдастырушысы болған іскер жолбасшы еді. Әдеби бірлестіктер жұмысын жандандыруға зор үлес қосқан еңбекқор тұлға.

Профессор Ж. Әбіл 2007 жылы жол апатынан қайтыс болды. Жұмабай Әбілдің мұрасы – ұлт руханиятына қосылған өлшеусіз қазына, ал оны зерделеу мен насихаттау – келер ұрпақтың асыл парызы десек, көрнекті ғалымның рухани әлеміне құрметпен үңілу Жұмабай Әбіл есімінің ғылыми кеңістіктегі салмағын арттырады сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбіл Ж. Қазақ комедиясы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 272 б.
2. Әбілов Ж. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). – Қызылорда: Тұмар, 2007. – 176 б.

Адиева П.М.

*ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті*